



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

11.10.2017-ғы № ДС-231 шығыс хаты

11.10.2017 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі  
Қ.А.Бозымбаевқа**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Қанат Алдабергенұлы!

Атырау облысының Қызылқоға ауданында жалпы аумағы 749,6 мың га. Тайсойған әскери-сынақ полигоны орналасқан болатын.

Ағымдағы жылы аумақтың 624 мың га. әскери-сынақ полигонынан кері қайтарылды.

Қазақстан Республикасы жер кодексінің 143-бабының 3 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ядролық қару сынақтары өткізілген жер учаскелерін ядролық қару сынағының зардаптарын жою жөніндегі барлық іс-шаралар аяқталғаннан және кешенді экологиялық тексеру жүргізілгеннен кейін, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болғанда ғана меншікке немесе жер пайдалануға беруі мүмкін делінген.

Аумақта әскери-сынақ полигонына берілгеннен бұрын, жүргізілген геофизикалық жұмыстардың мәліметіне қарағанда мұнай-газ кешені болуы мүмкін құрылымдар (структуралар) анықталған және бұл көптен белгілі.

Құрылымдар тұз үсті немесе терең емес қабаттарда болуына және табылуы мүмкін мұнай құрамында зиянды қоспалардың болмауына байланысты геологиялық барлау жұмыстарының құны да төмен болмақ. Бұл әрине аса маңызды

Сондықтан келесі сұрақтар туындайды:

- 1) Бұл аумақта геологиялық барлау жұмыстары қашан жүргізілмек?

2) Барлау жұмыстары қандай құрылымдарда жүргізіледі?

Депутаттық сауалды қарастыру нәтижелерін және қабылданған шараларды заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша хабарлауды сұраймыз.

*Құрметпен,*  
**«Нұр Отан»партиясы**  
**Фракциясының мүшелері,**  
депутаттар

**Б. Ізмұхамбетов**

**Г. Баймаханова**

**А. Мурадов**

*Орындаушы: Т.Н. Мұханов*  
*Тел.: 8 (7172) 74 68 55*